

**Қарақия ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № 255 "Қарақия ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Маңғыстау облысы Қарақия ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 6 наурызда № 71 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2024 жылғы 7 наурызда № 4675-12 болып тіркелді

Қарақия ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қарақия ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы" Қарақия ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № 255 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4380 болып тіркелген) келесідей өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына және "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығына сәйкес, (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №11148 болып тіркелген) Қарақия ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:"**.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қарақия ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қарақия ауданының әкімі*

*С. Төретаев*